

PHILIPS

Портативті
динамик

BT150

Пайдаланушы нұсқаулығы



Мына бетте өніміңізді тіркеп, қолдау алыңыз:

www.philips.com/support

Мазмұны

1	Маңызды	1
	Қауіпсіздік	1
	Ескерту	1
2	Bluetooth динамигіңіз	2
	Кіріспе	2
	Қорапта не бар	3
	Динамикке шолу	3
3	Жұмысты бастау	4
	Кірістірілген батареяны зарядтау	4
	Қосу/өшіру	6
4	Bluetooth құрылғыларынан ойнату	6
	Bluetooth құрылғысын қосу	6
	Қосылған Bluetooth құрылғысынан ойнату	7
	Құрылғыны ажырату	7
	Құрылғыны қайта қосу	7
	Жұптастыру ақпаратын тазалау	7
	Телефон қоңырауын басқару	8
5	Басқа мүмкіндіктер	8
	Сыртқы құрылғыны тыңдау	8
	Жарықты қосу/өшіру	9
	Дыбыс деңгейін реттеу	9
6	Техникалық сипаттамалары	10
7	Ақаулықтарды жою	10
	Жалпы	10
	Bluetooth құрылғысы туралы	11

1 Маңызды

Қауіпсіздік

Ескерту

- Бұл динамиктің корпусын ешқашан алмаңыз.
 - Бұл динамикті басқа электр жабдыққа ешқашан қоймаңыз.
 - Бұл динамикті тік күн жарығынан, ашық жалыннан немесе жылудан аулақ ұстаңыз
-
- Тек өндіруші көрсеткен саптамаларды немесе қосалқы құралдарды пайдаланыңыз.
 - Батареяға күн шуағы, от немесе сол сияқты артық жылу әсерін тигізбеу керек
 - Динамикке ешбір қауіп көздерін (мысалы, жанған майшамдарды) қоймаңыз.
 - USB/AUDIO IN ұяшық қақпағы жіксіз жабылса ғана динамик IPX7 су өткізбеу туралы стандартқа сай болады.
 - Динамиктің жұмыс температурасы -10 °C және 40 °C арасында болады.

Ескертпе

- Түр тақтайшасы динамиктің төменгі жағында орналасқан.

Ескерту

Philips ашық түрде бекітпеген осы құрылғыға енгізілген кез келген өзгертулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығын жоюы мүмкін.

Талаптарға сәйкестік



Осымен, Philips бұл өнім 2014/53/EU директивасының негізгі талаптарына және басқа қатысты шарттарына сай екенін жариялайды. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support бетінде таба аласыз.

Қоршаған ортаны қорғау

Ескі өнімді және батареяны қоқысқа лақтыру



Өніміңіз қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен құрамдастарды пайдаланып жобаланған және өндірілген.



Өнімдегі осы таңба өнімді 2012/19/EU еуропалық директивасы қамтитынын білдіреді.



Бұл таңба өнім 2013/56/EU еуропалық директивасы қамтитын, қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге қоқысқа лақтыру мүмкін еме кірістірілген батареяны қамтитынын білдіреді. Маман қайта зарядталатын батареяны алуы үшін өнімді ресми жинау орнына немесе Philips сервистік орталығына апару ұсынылады.

Электр және электрондық өнімдер мен қайта зарядталатын батареяларға арналған жергілікті бөлек жинау жүйесі туралы ақпарат алыңыз. Жергілікті ережелерді сақтаңыз және өнім мен қайта зарядталатын батареяларды қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге ешқашан қоқысқа лақтырмаңыз. Ескі өнімдерді және қайта зарядталатын батареяларды қоқысқа дұрыс лақтыру қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына теріс салдарларды болдырмауға көмектеседі.

Сақтық ескерту

- Түр тақтайшасы динамиктің төменгі жағында орналасқан.

Кірістірілген батареяны алу үшін өнімді әрқашан маманға әкеліңіз.

Қоршаған орта туралы ақпарат

Бүкіл қажет емес орауыш пайдаланылмады. Біз орауышты үш материалға бөлуді оңай етуге тырыстық: картон (қорап), полистирен көбігі (буфер) және полиэтилен (пакеттер, қорғағыш көбікті қабат).

Жүйеңіз арнайы компания бөлшектесе, қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдарды, таусылған батареяларды және ескі жабдықты қоқысқа лақтыруға қатысты жергілікті ережелерді сақтаңыз.

Сауда белгісі туралы ескерту

Bluetooth

Bluetooth® сөз белгісі және логотиптері Bluetooth SIG, Inc. иелік ететін тіркелген сауда белгілері болып табылады және MMD Hong Kong Holding Limited мұндай белгілерді лицензия бойынша пайдаланады. Басқа сауда белгілері және сауда атаулары тиісті иелерінікі болып табылады.

2 Bluetooth динамигіңіз

Сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдаудың толық артықшылығын пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome бетінде тіркеніз.


Кіріспе

Бұл динамик арқылы

- Bluetooth қолдайтын құрылғылардағы немесе басқа сыртқы құрылғылардағы аудионы тыңдай аласыз және
- музыканы ойнату кезінде жыпылықтайтын жарықты көре аласыз.



Қорапта не бар

Орауыш құрамын тексеріңіз және идентификациялаңыз:



- Динамик
- Зарядтауға арналған USB кабелі
- Басылған материалдар

Динамикке шолу



- 1**
 - Динамикті қосыңыз немесе өшіріңіз.
- 2** **+**
 - Дыбыс деңгейін реттеңіз.
 - Bluetooth режимінде келесі тректі ойнату үшін екі рет басыңыз.
- 3** **-**
 - Дыбыс деңгейін реттеңіз.
 - Bluetooth режимінде алдыңғы тректі ойнату үшін екі рет басыңыз.
- 4** **▶▶**
 - Bluetooth режимінде ойнатуды кідірту немесе жалғастыру үшін басыңыз.
 - Bluetooth қосылымын орнатылғаннан кейін кіріс қоңырауға жауап беріңіз.

5 ✎

- Bluetooth жұптастыру режиміне кіріңіз.
- Bluetooth жұптастыру ақпаратын тазалау.
- Жарықты қосу/өшіру

6 🔌

- Кірістірілген батареяны зарядтау

7 AUDIO IN

- Сыртқы аудио құрылғыны қосыңыз.

3 Жұмысты бастау

Осы тараудағы нұсқауларды әрқашан ретпен орындаңыз.

Кірістірілген батареяны зарядтау

Динамикке кірістірілген қайта зарядталатын батарея қуат береді.



Ескертпе

- Пайдалану алдында кірістірілген батареяны толығымен зарядтаңыз.
 - Micro USB ұяшығы тек зарядтауға арналған.
 - Қайта зарядталатын батареяның зарядтау циклдарының саны шектеулі. Батареяның қызмет көрсету мерзімі және зарядтау циклдарының саны пайдалануға және параметрлерге қарай өзгеріп отырады
- 1 Динамиктің бүйіріндегі қақпақты ашыңыз.
 - 2 USB кабелін
 - динамиктегі ұяшық және
 - компьютердегі USB ұяшығы арасында қосыңыз.

Кірістірілген батареяны зарядтау


Ескертпе

- Батареяны толығымен зарядтауға шамамен 3 сағат кетеді.
- Micro USB ұяшығы тек зарядтауға арналған.
- Қайта зарядталатын батареяның зарядтау циклдарының саны шектеулі. Батареяның қызмет көрсету мерзімі және зарядтау циклдарының саны пайдалануға және параметрлерге қарай өзгеріп отырады.

Батарея деңгейі төмен кезде ЖШД қызыл түспен жыпылықтайды.


Кірістірілген батареяны зарядтау үшін:

- Адаптерді (жинақта жоқ) пайдалана отырып динамикті айнымалы тоқ қуатына қосыңыз.



Жүйенің күйі	Батареяның күйі	Жүйенің әрекеті
Қосулы	Толығымен зарядталған	Тұрақты көк
Өшірулі	Толығымен зарядталған	ЖШД өшірулі

Қосу/өшіру



- Динамикті қосу үшін  түймесін ЖШД-тар жанғанша екі секундтан көбірек басып, ұстап тұрыңыз.
- Динамикті өшіру үшін  түймесін қайтадан екі секунд бойы басып, ұстап тұрыңыз.

Ескертпе

- 15 минут бойы бос тұрса, динамик автоматты түрде өшеді.

4 Bluetooth құрылғыларынан ойнату

Бұл динамик арқылы Bluetooth қолдайтын құрылғылардағы аудионы тыңдауға және Bluetooth арқылы кіріс қоңырауды басқаруға болады.

Bluetooth құрылғысын қосу

Ескертпе

- Құрылғыда Bluetooth функциясы қосұлы екенін және құрылғы барлық басқа Bluetooth құрылғыларына көрінетін етіп орнатылғанын тексеріңіз.
- Осы динамик және Bluetooth құрылғысы арасындағы кез келген бөгет жұмыс ауқымын азайтуы мүмкін.
- Кедергілерді тудыруы мүмкін кез келген басқа электрондық құрылғыдан аулақ ұстаңыз.
- Осы динамик пен Bluetooth құрылғысы арасындағы жұмыс ауқымы — шамамен 10 метр.

- 1 Динамик Bluetooth жұптастыру режимінде екенін тексеріңіз.
 - » ЖШД-тар көк/қызыл түстермен тез жыпылықтайды.
 - » ЖШД-тар көк/қызыл түстермен баяу жыпылықтаса, жұптастыру режиміне кіру үшін  түймесін екі секунд бойы басып, ұстап тұрыңыз.

- 2** Bluetooth құрылғысында Bluetooth функциясын қосыңыз және жұптастыруға болатын Bluetooth құрылғыларын іздеңіз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).
- 3** Жұптастыру үшін құрылғыда көрсетілген **[Philips BT150]** құрылғысын таңдаңыз. Қажет болса, жұптастыру құпиясөзі ретінде «0000» санын енгізіңіз.
- » Сәтті қосылудан кейін динамик екі рет дыбыстық сигнал шығарады және көк ЖШД жыпылықтауын тоқтатады.

- » Аудио Bluetooth құрылғысынан динамикке ағындатылады.
- Ойнатуды кідірту немесе жалғастыру үшін басыңыз: ► II.
 - Келесі тректі ойнату үшін + түймесін екі рет баыңыз және алдыңғы трек үшін - түймесін екі рет басыңыз.



Кеңес

- Музыканы ойнату кіріс қоңырау келгенде кідіртіледі және телефон қоңырауы аяқталғанда жалғастырылады.

ЖШД әрекеті	Сипаттама
Көк/қызыл түспен тез жыпылықтайды	Жұптастыруға дайын
Көк/қызыл түспен баяу жыпылықтайды	Соңғы қосылған құрылғыға қайта қосылуда; жұптастырылған құрылғының қосылуын күтуде
Тұрақты көк	Қосылған

Қосылған Bluetooth құрылғысынан ойнату



Ескертпе

- Музыканы ойнату кіріс қоңырау келгенде кідіртіледі және телефон қоңырауы аяқталғанда жалғастырылады.

Bluetooth қосылымы сәтті орнатылғаннан кейін қосылған құрылғыдағы аудионы ойнатыңыз.

Құрылғыны ажырату

- ✖ түймесін екі секунд бойы басып, ұстап тұрыңыз;
- Динамикті өшіру;
- Құрылғыда Bluetooth функциясын өшіріңіз; немесе
- Құрылғыны байланыс ауқымынан тыс жылжытыңыз.

Құрылғыны қайта қосу

- Динамикті қосқанда, ол соңғы қосылған құрылғыға автоматты түрде қосылуға әрекеттенеді;
- Сәтті болмаса, қайта қосылуды бастау үшін Bluetooth мәзірінде **[Philips BT150]** құрылғысын таңдаңыз.

Жұптастыру ақпаратын тазалау

- 10 секунд бойы ✖ басып, ұстап тұрыңыз.

Телефон қоңырауын басқару

Bluetooth қосылымы орнатылғаннан кейін, кіріс қоңырауды осы динамик арқылы басқара аласыз.

Түйме	Функция
▶	Кіріс қоңырауға жауап беру үшін басыңыз.
	Кіріс қоңырауды қабылдамау үшін екі секунд бойы басып, ұстап тұрыңыз.
	Қоңырау кезінде ағымдағы қоңырауды аяқтау үшін басыңыз.
	Қоңырау кезінде қоңырауды мобильді құрылғыға өткізу үшін екі секунд бойы басып, ұстап тұрыңыз.


5 Басқа мүмкіндіктер

Сыртқы құрылғыны тыңдау

Сондай-ақ бұл динамик арқылы MP3 ойнатқышы сияқты сыртқы аудио құрылғысын тыңдауға болады.

Ескертпе

- Bluetooth арқылы музыканы ойнату тоқтатылғанын тексеріңіз.
- Аудио кіріс кабелін қосқанда Bluetooth автоматты түрде ажыратылады.



- 1 Динамиктің бүйіріндегі қорғағыш қапқакты ашыңыз.
- 2 Екі шетіндегі 3,5 мм жалғағышы бар аудио кіріс кабелін (жинақта жоқ)
 - осы динамиктегі **AUDIO IN** ұяшығына және
 - сыртқы құрылғының гарнитура ұяшығына қосыңыз.
- 3 Сыртқы құрылғыда аудионы ойнату (пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

Жарықты қосу/өшіру

Музыканы ойнату кезінде жыпылықтайтын жарық әсерін көре аласыз.

Жарықты ✕ қосу/өшіру үшін басыңыз



Ескертпе

- Bluetooth қосылған болса, жарық қосулы тұра береді.
- Сигнал жоқ кезде Bluetooth қосылған болса, жарық өшеді.
- Аудио кабелін қоссаңыз, жарық қосулы тұра береді.

Дыбыс деңгейін реттеу

Музыканы ойнату кезінде дыбыс деңгейін арттыру немесе азайту үшін **-/+** түймелерін басыңыз.



Кеңес

- Дыбыс деңгейін үздіксіз арттыру немесе азайту үшін **-/+** түймелерін басып, ұстап тұра аласыз.
- Дыбыс деңгейі максимумға жеткенде динамик екі рет дыбыстық сигнал шығарады.
- Bluetooth ойнату кезінде құрылғыңыз осы функцияны қолдайтын болса, динамик пен Bluetooth құрылғысы арасында дыбыс деңгейін басқару синхрондалады.

6 Техникалық сипаттамалары

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Номиналды шығыс қуат (күшейткіш)	1x4 Вт RMS ≤ 1% THD
Акустикалық жиілік сипаттамасы	80-16000 Гц
Динамик басы	1x1,5" толық ауқым, 4 Ом
Басс жиіліктерін жақсарту	1 пассивті радиатор
Bluetooth нұсқасы	V4.2 + EDR
Bluetooth-қа қолдау көрсетілетін профильдер	HFP V1.7, A2DP V1.3, AVRCP V1.6
Bluetooth жиіліктер диапазоны/шығыс қуат	2,402 ГГц ~ 2,480 ГГц ISM диапазоны/ ≤ 4 дБм (2-сынып)
AUX кіріс деңгейі	700 мВ ± 100 мВ
Су кедергісі	IPX7
Кірістірілген батарея	Литий-йонды батарея (3,7 В, 800 мАс)
Батарея режиміндегі ойнату уақыты	Шамамен 8 сағат
Зарядтау уақыты	Шамамен 3 сағат
USB арқылы зарядтау	5 В, 1 А / Micro-USB ұяшығы
Өлшемдері - негізгі блок (Е x Б x Д)	95 x 95 x 39,5 мм
Салмағы - негізгі блок	0,3 кг

7 Ақаулықтарды жою

Ескерту

- Бұл құрылғының корпусын ешқашан алмаңыз.

Кепілдік жарамдылығын сақтау үшін жүйені өз бетіңізше жөндеуге ешқашан әрекеттенбеңіз.

Осы құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кездессеңіз, қызметті сұрау алдында келесі нәрселерді тексеріңіз. Мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда құрылғы маңайда екенін әрі үлгі нөмірі мен сериялық нөмір қолжетімді екенін тексеріңіз.

Жалпы

Қуат жоқ

- Динамикті зарядтаңыз.

Дыбыс жоқ

- Осы өнімде дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Қосылған құрылғыда дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Bluetooth құрылғысы тиімді жұмыс ауқымында екенін тексеріңіз.

Bluetooth құрылғысы туралы

Bluetooth қолдайтын құрылғыға қосылудан кейін аудио сапасы нашар.

- Bluetooth сигналын қабылдау нашар. Құрылғыны осы өнімге жақындатыңыз немесе олардың арасындағы кез келген бөгетті алып тастаңыз.

Жұптастыру үшін құрылғыңызда [Philips BT150] табылмады.

- Жұптастыру режиміне кіру үшін  түймесін екі секунд бойы басып, ұстап тұрыңыз, содан кейін әрекетті қайталаңыз.

Құрылғыға қосылу мүмкін емес.

- Құрылғының Bluetooth функциясы қосылмаған. Функцияны қосу жолын құрылғының пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.
- Бұл басқа Bluetooth қолдайтын құрылғысына қосылып қойылған. Сол құрылғыны ажыратыңыз, содан кейін әрекетті қайталаңыз.

Жұптастырылған құрылғы үнемі қосылып, ажыратыла береді.

- Bluetooth сигналын қабылдау нашар. Құрылғыны осы өнімге жақындатыңыз немесе олардың арасындағы кез келген бөгетті алып тастаңыз.
- Кейбір құрылғылар үшін қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде Bluetooth қосылымы автоматты түрде өшірілуі мүмкін. Бұл осы өнімде кез келген ақаулық бар екенін көрсетпейді.



Philips және Philips герб эмблемасы Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады және лицензия бойынша пайдаланылады.

Бұл өнімді MMD Hong Kong Holding Limited немесе оның серіктес компанияларының біреуі өндірген және оның жауапкершілі бойынша сатылады әрі MMD Hong Kong Holding Limited осы өнімге қатысты кепілдік беруші болып табылады.

BT150_00_UM_V 1.0

